| | **3.Шынықтыру шарасы.**<br>Әдемі ирек жолдармен<br>Лақтарша біз ойнақтап<br>Тастан-тасқа секіріп<br>Жалаң аяқ жүреміз.<br>Табанға біз нүктелі<br>Массаж жасау білеміз.<br>Арнайы жолдармен жүру. | **4.Демалуды қалыпқа келтіру**<br>Демді қалыпқа келтіру.<br>Қол ұстасып тұрайық,<br>Шеңберді біз құрайық,<br>Көріскенше күн жақсы<br>Сау саламат болайық!. | **5.Керуеттегі жаттығулар**<br>Балалар ұйқыдан оянады.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып, қолын жанына созу, демдерін бірнеше секунд іште ұстап, еркін шығару.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолды екі жаққа созу, жұдырықтарын жұму, қолдарын алға созып айқастыру, демалу. | **6.Керуеттегі жаттығулар**<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып қолдарын бастарына қойып кезекпен сол аяқтарын, он аяқтарын көтеру, екеуін бірге ұстап, жайлап түсіру.<br>- Балалар төсекте, арқаға жатып шынтақтарын тіреп иілу, кеуделерін жоғары көтеру, басты тік ұстау 3 - 5 секунд.<br>- Балалар төсекте, ішке жатып, қолдарын жанына қою, аяқтарын көтеріп, велосипед тебу. | 7. **Керует жанындағы жаттығулар**<br>"Құстар"<br>1. "Құстар оянды" - Б.қ.: аяқты сәл алшақ қою. Қолдарды жан-жаққа созу, былғау – «құстар қанат қағып жатыр».<br>2. «Құстар достарын шақырып жатыр» - Б.қ.: тұрып, қол белде, аяқ сәл алшақ. Оң жаққа, сол жаққа бұрылу, «Шиқ-шиқ» деп айту. |
| **Бесін ас** | Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | Тамақтанып болғаннан кейін | **Таза және ұқыпты** | **Мәдениетті тамақтануға** | **Ас мәзірімен таныстыру** | **Мәдениетті тамақтануға баулу**. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | алғыс айту<br>Ас қайтару<br>**Бата**<br>Асқа берекет<br>Адамға қанағат<br>Айдан аман ет<br>Жылдан есен ет | **тамақтану.**<br>Тамақтану мәденетін қалыптастыру | **баулу**<br>Таза және ұқыпты тамақтануды, қасықты дұрыс ұстауды, тамақтанған кезінде ауызын жауып отырып, асықпай әбден шайнауды үйрету. | Балалардың назарын тағамға аудару. | Келген асты алдыңа , Тауысып іш қалдырма. Астарың -дәмді болсын!- балалар! «Рахмет!» сөздерін үнемі айтуға дағдыландыру. |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)** | **«Күзгі ағаштар»**<br>**Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету.<br>**(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)** | **«Бауырсақ» ертегісі**<br>**Мақсаты**:Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету<br>**Шығармашылық шеберханасы**<br>**Мақсаты:**Түрлі пішіндегі таныс | «Ойыншықтар» өлеңі. Н. Әлімқұлов.<br>**Мақсаты:** Әдеби шығармаларда бейнеленген қоғамдық өмір, табиғат, қоршаған орта оқиғалары, туралы түсініктерін қалыптастыру.<br>**(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)**<br>**«Менің ойыншығым»**<br>**Мақсаты**:қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана | **«Дәрумендер»**<br>**Мақсаты:**<br>Кейіпкерлердің жағымды және жағымсыз қасиеттерін көруге, олардың әрекеттерін бағалауға, әңгіме, ертегілердің мазмұнын олардың атауымен салыстыруға үйрету<br>**(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)**<br>**«Қызанақ»**<br>**Мақсаты:** қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру.Қиялдарын дамыту,әсемдікке баулу | **Дидактикалық ойын: «Оюлы сырмақ»**<br>**Мақсаты**:Қазақстан халқының өмірі мен тұрмысының ерекшеліктері туралы түсініктерін қалыптастыру.Ою түрлерімен таныстыру<br>**(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып бауырсақты мүсіндеу; **(көркем әдебиет,коммуникативті іс-әрекет,мүсіндеу, шығармашылық іс-әрекет)** | білуді қалыптастыру.ойыншықтар туралы түсінік беру. **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)** | **(жапсыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)** | |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын:«Атауын тап!» Мақсаты:** Балалардың сөздік қорын ойындар мен ойын жаттығулары арқылы кеңейту. **(коммуникативті дағдыларын дамыту) Райымбек** | 5 көлемінде санай алуды, сандарды ретімен атауды үйретуді жалғастыру. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту) А.Амина, Аяулым, Райымбек** | Үй жануарларын және олардың төлдерін, үй құстарын атауға қалыптастыру (**қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту) Самир,Зарина** | Құрдастарымен және ересектермен қарым-қатынасқа түсуге, олардың өтініштерін орындауға дағдыландыру**; (коммуникативтік дағдыларын дамыту) Арман,Ақнәзік** | Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **(Физикалық дағдыларын дамыту) Райымбек** |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| **Серуен** | **Серуен №3** | **Серуен №4** | **Серуен №5** | **Серуен №6** | **Серуен №7** |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |

Тексерілді
12.09.22

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы: № 1 "Еркетай» Алға бөбекжай балабақшасы**
**Топ: Балауса ересек тобы**
**Балалардың жасы :** 4 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі :** 12 - 16 қыркүйек айы, 2022-2023 оқу жылы

| Күн тәртібінің үлгісі | Дүйсенбі 12.09.2022 | Сейсенбі 13.09.2022 | Сәрсенбі 14.09.2022 | Бейсенбі 15.09.2022 | Жұма 16.09.2022 |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдй жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулау* ***( сөйлеуді дамыту-коммуникативтті іс –әрекет)*** | | | | |
| | **Құрылыс материалдарымен ойын.** Мақсаты**:** текше мен кірпіштерді пайдаланып үй жиһаздарың құрастыру. (кірпіштерді көлденеңінен және тігінен орналастыру) **(құрастыру-шығармашылық іс - әрекет)** | **Дидактикалық ойын: «Бұл кім?»** Мақсаты: балалардың отбасы мүшелері бейнеленген суреттерді қарастыру, отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. (**қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, әлеуметтік іс-әрекет)** | **Дидактикалық ойын «Бұл қай мамандық?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байыту. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік, іс–әрекет).** | **Үстел- үсті ойыны: «Көкөністер мен жемістер»** лото. Мақсаты: Балаларды жемістер мен көкіністерді ажыратуға үйрету. Жақын маңайдағы заттарды ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік іс-** | **Дидактикалық ойын: "Заттарды салыстыр"** Мақсаты: Заттарды салыстырып қою арқылы оларды санамай-ақ жұптарын салыстыру салыстыру негізінде тең немесе тең еместігін анықтай білуді үйрету. **(математика негіздері, танымдық ойын)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | **әрекет)** | |
| **Ата-аналармен әңгімелессу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер. | | | | |
| | Ата-аналарға күнделікті күн тәртібін сақтау туралы; баланың денсаулық, мінез-құлық ережелері туралы еске салу**.** | Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру. | Ата –аналармен әңгіме: «Дұрыс тамақтануға баулу» | «Баланың балабақшаға бейімделуі» ата-аналармен жеке әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгіме: Балалардың тазалығы жөнінде кеңес беру. |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бейнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | **Дидактикалық ойын: «Пішінің тап және мүсінде».** Мақсаты Заттардың пішінің ажыратуға, геометриялық пішіндерді (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш танып, атай білуге үйрету; ермексаздың, кесектерінен , дөңгелек пішінді заттарды мүсіндеуге машықтандыру. (**математика негіздері -** | **Дидактикалық ойын : «Суретшінің қатесін тап»** Мақсаты: Балаларды берілген суреттерді салыстыра отырып, қатесін таба білуге үйрету. Балалардың зейінің дамыту **( сурет салу-шығармашылық –зерттеушілік қызмет) Дидактикалық ойын «Мамандықты ата»** Мақсаты: | **«Кітап бұрышына саяхат»** Мақсаты: әдеби шығармаларда бейнеленген табиғат, қоршаған орта оқиғалары туралы түсініктерін қалыптастыру. **(көркем әдебиет, коммуникативті дағдыларды дамыту) Дидактикалық ойын: «Киімдерді ажырат!»** Мақсаты: Балаларды заттық әлеммен таныстыру және онымен әрекет жасау | **«Түрлі-түсті қарындаштар»** Мақсаты: балалардың карандаштармен сурет салу техникасын жетілдіру**. (сурет салу шығармашылық ойын.) Дидактикалық ойын: «Әдемі сандық»** Мақсаты: Балалардың тілін дамыту. Тұрмыстық заттар мен қоршаған орта заттарының | **Дидактикалық ойын: «Кімге не қажет?»** Мақсаты: Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; отбасы мүшелерінің атқаратын қызметі туралы білімдерін жетілдіру. **(қоршаған орта, әлеуметтік іс-әрекет) Дидактикалық ойын: «Жапырақтар»** Мақсаты: балаларды жапырақтарды |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **танымдық-ойын; мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)** **«Шалқан» ертегісі** Мақсаты: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. **(коммуникативтік іс–әрекет, көркем әдебиет)** | Балаларды сурет бойынша адамдардың мамандықтарының атауларын табуға және атауға баулу. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет)** | дағдыларын қалыптастыру. Киімдерді ажыратып, атай білу біліктерін жетілдіру. **(қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік эмоционалды дағдыны дамыту)** | қолдану маңыздылығын түсіндіру. **(сөйлеуді дамыту, коммунаикативтік іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын «Бөлшегін тап,ата»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын заттардың (машинаның) бөліктерін білдіретін сөздермен байыту. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет).** | ажыратуға үйрету; қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру (**жапсыру-шығармашылық іс -әрекет)** **Дидактикалық ойын «Кім не істейді?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байытуды жалғастыру. **(қазақ тілі, коммуникативтік іс–әрекет).** |
| **Таңертенге жаттығу** | Таңеттеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті).** Тұру, жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары . | | | | |
| | Қыркүек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені<br>1.Бір тізбекпен жүру. Жүру, “торғайлар” белгісіне тоқтап, “чик,чирик” деп айту. 3-4 рет<br>2.“Аюлар” белгісіне еңбектеп жүру.<br>3. Жүру, шеңберге тұру.<br>4.Бастапқы қалып: түзу тұрып, аяқты сәл алшақ ұстап, қолды төмен | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">түсіру. «Құстар қанат қағады» деген белгіге балалар қолдарын иық көлеміне екі жанға көтереді. “Чик, чирик” деп, түсіреді. 5-6 рет қайталау.<br>5. Б.қ.: түзу тұрып, аяқты сәл алшақтатып, қолдарын белге қою. Денені оңға, солға бұру. 5-6рет қайталау.<br>6. Б.қ. тік тұру, аяқ арасын иық көлемінде алшақ ұстау, қолымыз артта. Алға еңкейіп,тізені саусақтармен соғу. “Чик,чирик” деп, б.қ. оралу.<br>7. Б.қ. Шалқалай жату, қолымыз жанымызда. Қолымыз бен аяқтарымызды жоғары көтере сермелеу, б.қ. оралу. 5-6 рет.<br>8. Бір тізбекпен жүру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау ( мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету, еңбек дағдылары)<br>Кезекшілердің жұмысы (қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедулар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы: «Дос бол сабын суменен ,жуын күнде су мен Сен ,жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың»)<br>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</td></tr>
<tr><td>Дидактикалық ойын: «Сиқырлы қапшық»<br>Мақсаты: сипап – сезу арқылы, заттарды ажырата білуге, атауға үйрету.</td><td>Дидактикалық ойын: «Топтастыр»<br>Мақсаты: Заттарды пішініне қарай топтастыруға, геометриялық пішіндерді</td><td>Дидактикалық ойын: «Үшбұрыштардан не құрастыруға болады?»<br>Мақсаты:әр түрлі түстен тұратын заттардың жиыны</td><td>Дидактикалық ойын: «Кел, санайық!»<br>Мақсаты: 5 көлемінде санау, заттарды үлгісі бойынша және аталған саны</td><td>«Бұл қай ертегі»<br>Мақсаты:суреттер бойынша таныс ертегілерді атауды және олар бойынша сұрақтарға жауап беруді үйрету.</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеу. **(сөйлеуді дамыту-ойын,коммуникативтік іс –әрекет). Артикуляциялық жаттығу «Әндетіп айт». Мақсаты:** Дауысты дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. **(қазақ –тілі, коммуникативтік іс-әрекет)** | (дөңгелек, төртбұрыш, үшбұрыш танып, атай білуге үйрету; **математика негіздері - танымдық-ойын) «Көңілді доптар»** Мақсаты: Ермексаздың кесектерінен дөңгелек пішіндегі заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. (**мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)** | туралы түсініктерін қалыптастыру ,үш бұрышты пішіндерді дұрыс пайдалана отырып құрастыра білу дағдыларын дамыту, мысалы: үй,үйшік, кілемше т.б.)кеңістікті толық пайдалана отырып жапсыра білу дағдыларына машықтандыру. (**математика негіздері , құрастыру: танымдық-ойын, шығармашылық іс –әрекет).** | бойынша санау дағдысын қалыптастыру. (**математика негіздері - танымдық-ойын) Аз қимылды ойын:** «Ұшады, ұшпайды» **Түрлі-түсті жолақшалар** Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. **(жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)** | Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту. (**Көркем әдебиет-ойын,коммуникативтік, шығармашылық іс –әрекет). Артикуляциялық жаттығу «Ненің әні». Мақсаты:** Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту. (Судың әні – с-с-с; Қоңыздың әні – ж-жж; Желдің әні – ш-ш-ш; Масаның әні – з-з-з) **(сөйлеуді дамыту коммуникативтік іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **Музыка (маман жоспарына сай)** | **Дене шынықтыру Тақырыбы:** Қос аяқпен секіру. **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:** 2–3 метрлік | **Дене шынықтыру Тақырыбы:** Қос аяқпен секіру. **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы жаттығулар. Негізгі қимылдар:** 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен | **Музыка (маман жоспарына сай)** | **Дене шынықтыру Тақырыбы:** Допты бастан асыра лақтыру. **Міндеттері:** Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. 2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру; допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан) дағдыларын қалыптастыру. **ҰІӘ барысы** Сапқа тұру. Жүру, жүгіру. Бірқалыпты, аяқтың ұшымен,тізені жоғары көтеріп жүгіру. **Жалпы дамытушы** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру;<br>Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта).<br>Қимылды ойын: «Кім жылдам?».<br>Мақсаты: Балаларды белгі бойынша шапшаң қимылдауға, бір-біріне соқтығыспай жүгіруге дағдыландыру. | секіру;<br>Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу (1,5 м қашықтықта)<br>Қимылды ойын: «Бәйге»<br>Мақсаты: балаларды тез жүгіруге, ептілікке жаттықтыру.<br>**Қазақ-тілі (394 бұйрық негізінде) (маман жоспарына сай)** | | **жаттығулар. Негізгі қимылдар:**<br>2–3 метрлік қашықтықта алға ұмтыла қос аяқпен секіру;<br>допты екі қолымен бастан асыра кедергі арқылы лақтыру (2 м қашықтықтан)<br>Қимылды ойын: «Үнсіз өт»<br>Мақсаты: балаларды нық, денені түзу ұстап жүруге жаттықтыру. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау, ойын ойнауға қажетті құрал-жабдықтар мен оларды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу.<br>Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |
| | «Орныңды тап» серуен кезіндегі тәртіп туралы әңгімелесу | «Менің ойыншығым» ойын жабдықтарды дұрыс пайдалану туралы әңгімелесу | «Қатесін тап» ауа-райына байланысты ретімен киіну | «Біз бақытты баламыз!» тақпағын жаттау | «Біз көмекші боламыз» балалардың киіну кезінде бір-біріне көмектесу арқылы үлкен және ұсақ маториканы дамыту. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Серуен** | №3<br>Бақылау:Жылы жаққа қайтқан құстарды бақылау. Мақсаты: Күзде құстардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру.<br>Еңбек:Құстарға жем сауыт жасау.<br>Мақсаты: Құстарға қамқорлық карауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: «Аттамак».<br>Мақсаты:Денені шынықтыру, шапшаңдыққа , ептілікке баулу.<br>**(Дене шынықтыру, физикалық қасиеттерді** | №4<br>Бақылау: Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру;салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел.Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру. Еңбек: «Әдемі гүлдер»<br>Мақсаты:Гүлзардағы гүлдерді суару.Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту.<br>Тақпақ. «Жел»<br>Мақсаты:Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу.<br>Фонематикалық қабылдау дағдыларын | №,5<br>Бақылау:Көшедегі көліктерді бақылау.<br>Мақсаты: Көшедегі көліктердің жүрісін бақылау.Олардың түрлерімен таныстыру Көліктер адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру.Көлікке қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету.<br>Еңбек: Ағаш түптерін қопсыту, су құю.<br>Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету.<br>Қимылдық ойын: « Ақ қояным»<br>Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру.<br>**Асфальт үстінде сурет салу.** (дөңгелек пішінді заттар) | №6<br>Бақылау:Құстардың күзгі тіршілігін бақылау.<br>Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққаұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру.<br>Еңбек: «Біздің ойыншықтар».<br>Мақсаты:Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға,мұқияттылыққа үйрету.<br>Қимылдық ойын: «Жүзік салу»<br>Мақсаты: Балалардың зейінің дамыту. Қимылды ойындарға қызығушылықты дамыту.<br>**(Дене шынықтыру, физикалық** | №7<br>Бақылау:Ауа-райын бақылау.<br>Мақсаты: Ауа-райын бақылай отырып, күз мезгілінің өзіне тән ерекшеліктерін көрсете сипаттау.<br>Еңбек: «Таза алаң». Мақсаты: Аула сыпырушыға көмектесу.Тазалыққа, кішіпейілдікке үйрету.Үлкендердің еңбегін қадірлей білуге тәрбиелеу.<br>Қимылдық ойын: «Тымпи-тымпи».<br>Мақсаты: Топ болып ойнауға, рөлдерді бөліп ойнауға қалыптастыру.<br>Балалардың өз бетімен ойнауы:<br>1. Әткеншек тебу.<br>2. Допты қуалау.<br>Тренинг: «Біз біргеміз». |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **дамыту)**<br>Құм бетінде сурет салу.<br>«Таяқшалар»<br>Мақсаты: Әртүрлі бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>**( сурет салу, шығармашылық іс-әрекет )**<br>Дербес ойындар: 1.Әткіншектебу. 2. Тартылғышқа тартылу. Тренинг: «Біз тату баламыз. | қалыптастыру.<br>Жел улейді у-у-у.<br>Құйын келіп билейді зу-зу-зу<br>Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу,<br>Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду.<br>**(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс-әрекет)**<br>Қимылдық ойын: «Айгөлек-ау, айгөлек».<br>Мақсаты:Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Дербес ойындар: «Желмен жарысайық» | Мақсаты: дөңгелек пішіндегі таныс заттарды және өзіне тән ерекшеліктерін ескере отырып, елестетуі бойынша салу дағдыларын қалыптастыру.<br>**( сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)**<br>Балалардың өз бетімен ойнауы: Қуаласпақ | **қасиеттерді дамыту)**<br>Дербес ойындар: 1.Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу. | |
| **Серуеннен оралу** | Балалардың киімдерін ретімен шешуін қадағалау, өз-өзіне қызмет ету дағдыларын жетілдіру. | | | | |
| | Балалардың ұйымшылдықпен топқа оралуы киімдерін шешіп шкафтарына орналастыру. | Балалардың саппен топқа оралуы, сапта жүруге үйрету. | Кім жылы сумен жуынса-өте жақсы сол бала.Кім салқын сумен жуынса – батыр бала ол бала. | Балалардың киімдерін ретімен шешінуге дағдыландыру. | Балаларды киімдерін шешіп шкафтарына орналастыруға дағдыландыру. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **Түскі ас** | Түскі ас алдында гигиеналық процедураларды орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет көрсеу,еңбек қызметі) Кезекшілердің жұмысы** (қажетті ыстарды –аяқтарды қою, салфеткаларды салу)<br>**Гигиеналық процедулар** ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану.<br>**Тамақтану** (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамаө ішкенде сөйлемеу, алғыс айту) | | | | |
| | Дастарқан басындағы дәстүрлер:<br>Дастархан басында адамдар жасына қарай отырады. Астан кейін дастархан басындағы ең үлкен, құрметті адам асқа бата береді. | «Кезекшімін мен бүгін асханада» Ө.Ақылбеков<br>Мақсаты: Көркем шығармаларды эмоционалды қабылдай білуді дамыту.<br>**(көркем әдебиет, қарым-қатынас)**<br>Гигиеналық шара:<br>«Дос бол сабын суменен, жуын күнде су мен сен, жуынсаң сен әрдайым, таза бетің, маңдайың» | Ырым, тыйым сөз<br>Қонаққа сынық ыдыспен ас беруге болмайды. Дәмді табақтың ортасынан алма, өз алдыңнан алып же. | Ас ішу тәртібі:<br>Тамақ ішіп отырып, кітап оқуға, теледидар көруге болмайды. Асты асықпай әбден шайнап жеу керек. | Ас туралы мақал мәтел<br>«Ас атасы нан, нан атасы дән» |
| **Күндізгі ұйқы** | Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау **( тыныш музыка тыңдау).** Ертегі айту, кітіп оқу **( көркемдік қызмет)** | | | | |
| | Тыныш күйге енеді,<br>Мойындарымыз да жайымен.<br>Еркіндеріміз сәл ашылып | Қолдарымыз да дем алды,<br>Аяқтарымыз да дем алды.<br>Дем алады барлығы | Кірпіктеріміз айқасты,<br>Көздеріміз жұмылды.<br>Дем аламыз жай ғана,<br>Ұйқыға біз кірістік. | Мойын, бас, қол, аяқтар,<br>Ғажайып бір күйге енді.<br>Дем алады барлығы, | Қолдарымыз да дем алды,<br>Аяқтарымыз да дем алды.<br>Дем алады |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дем аламыз жайымен.<br>(әуенмен) | Дем алады барлығы.<br>(әуенмен) | (әуенмен) | Тыныш бір күй кешеді.<br>(әуенмен) | барлығы,<br>Дем алады барлығы.<br>(әуенмен) |
| **Біртіндеп ұйқыдан ояту,сауықтыру шаралары** | Күндізгі ұйқыдан кейінгі сауықтыру шаралары ( дене жаттығулары, жалпақ табандылықтың алдын-алу мақсатында ортопедиялық жолдармен жүру) **( дене белсенділігі)** | | | | |
| | Сергіту гимнастикасын жүргізу. | Төсек үстінде жатып, аяқ қолдарына гимнастикалық жаттығу жасау. Орнынан тұрып, еденді жалаң аяқ 4-5 мин басып жүру. | Күн, ауа, су процедураларын қабылдау. Бөлмеге түскен күнге қыздырыну. Сумен шайыну. | Беті-қолын, мойынын салқын сумен жуу. Көзге арналған жаттығулар. | Су жолдарымен жалаң аяқ жүру. Сергіту гимнастикасын жүргізу. |
| **Бесін ас** | Бесін ас алдында гигиеналық рәсімдерді орындау **( мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне –өзі қызмет көрсету, еңбек қызметі)** балалардың назарын тамаққа аудару, мәдени тамақтанумен таныстыру **( сөйлеуді дамыту)** | | | | |
| | **«Ұқыпты тамақтану»**<br>(сурет бойынша әңгіме) | **Ас туралы мақал мәтел**<br>«Нан тамақтың атасы, Ынтымақ көптің батасы» | **Тыйым сөз**<br>«Дәнді шашпа,<br>Нанды баспа» | **Ойын жаттығу:**<br>Асықпай іш тамақты<br>Жалама ыдыс аяқты | **Дастархан басында өзін өзі ұстауы**<br>(шағын әңгіме) |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар ,үстел-үсті ойындары,бейнелеу** | **Дидактикалық ойын : «Жеке гигиена заттарын таңда»** Мақсаты: Гигиеналық заттарды ажыратып, атай білу біліктерін | **Конструктормен ойын:**<br>«Әдемі үйшік»<br>Мақсаты:<br>Конструктор бөлшетерінен ойынға арналған ғимарат құрастыру | **Дидактикалық ойын:**<br>**«Оюды жалғастыр»**<br>**Мақсаты:**<br>Геометриялық пішіндерден орналасу ретін сақтай отырып оюды | **Дидактикалық ойын: «Кім тез табады?»**<br>Мақсаты: жемістер мен көк-өністерді сипатына байланысты тез таба білуге | **Дидактикалық ойын:«Гараждар»**<br>**Мақсаты:**<br>орналастыру тәсілдерін қолдана , пластиналарды тігінен және кірпіштерді , |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **әрекеті, кітаптар қарау және т.б.)** | жетілдіру. (**қоршаған ортамен танысу-танымдық ойын, әлеуметтік іс-әрекет)** **Дидактикалық ойын «Ұзын – қысқа»** Мақсаты: Балаларды ұзындығы әр –түрлі заттарды салыстыруға үйрету. Түзу сызықпен алдымен қысқа содан соң ұзын жолақтарды қиюды үйрету. (**жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)** | дағдыларын қалыптастыру. (Балалар өз еріктерімен үйшікті құрастыра алады). **(құрастыру-шығармашылық іс - әрекет)** **«Үйшікке баратын жол»** Мақсаты: Қайшыны дұрыс ұстау және пайдалана білуді қалыптастыру. (**жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)** | жалғастыру. Заттарды қағаз бетінде орналастыру дағдыларын қалыптастыру. (**жапсыру-шығармашылық іс - әрекет)** **Дидактикалық ойын «Кім не істейді?»** Мақсаты: Отбасы мүшелерін, олардың әрекеттері мен өзара қарым-қатынастарын атау дағдыларын қалыптастыру. Отбасы мүшелерінің іс-әрекеті туралы білімдерін жетілдіру. (**қоршаған ортамен танысу, әлеуметтік эмоционалды дағдыны дамыту)** **Әжемнің құрты.** Мақсаты: Ермексаздың кесектерінен дөңгелек пішіндегі заттарды мүсіндеу дағдыларын қалыптастыру. | дағдыландыру, сөздік қорларын толықтыру, дұрыс атай білуге үйрету,жемістер мен көк-өністерге байланысты тақпақтар жаттау. Ермексаздың кесектерінен «Тостағандағы жемістерді» мүсіндеу. **Көркем әдебиет-ойын,коммуникативтік, шығармашылық іс –әрекет).** **Құрылыс материалдарымен ойын.** Мақсаты: сызбаны қолданып, ірі және ұсақ құрылыс материалынан құрастыру; **(құрастыру-шығармашылық іс - әрекет)** | бөлшектерді көлденеңінен орналастыра білуге дағдыландыру, кеңістікті дұрыс пайдалана білу машықтарын қалыптастыру**.** **( құрастыру зерттеушілік ойын,қарым-қатынас)**. **Шығармашылық шеберханасы. «Жұмбақты шеш, суретін сал». Мақсаты:** Жаңбыр туралы жұмбақты шешіп, саусақпен жаңбырдың суретін салады. Бояулармен дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. **( сурет салу-шығармашылық іс-әрекет)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | (**мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)** | | Еркін тақырыпта шығармашылық Мақсаты: балалардың қалауы бойынша түрлі пішіндегі таныс заттарды мүсіндеуге дағдыландыру. (**мүсіндеу-шығармашылық іс - әрекет)** |
| **Балалармен жеке жұмыс** | **Дидактикалық ойын: «Барлығы қанша?»** Ойынның мақсаты: сандарды реті бойынша атауға, «Барлығы қанша?» сұрағына жауап беруге үйрету. **(математика негіздері, танымдық-коммуникативтік іс-әрекет)** Нұрасыл, Айжұлдыз. | **Дидактикалық ойын: «Мен»** **Мақсаты**: Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. **(қоршаған орта, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыру). Райымбек** | **Дидактикалық ойын: «Көп, аз, тең»** Мақсаты: Бірінің астына бірі 2 қатарда орналасқан заттардың екі тобын салыстыруды үйрету; **(математика негіздері, танымдық іс-әрекет)** Фатима, Арлан. | **Дидактикалық ойын: «Атауын тап»** Мақсаты: Ертегілерді суреттер бойынша ажыратып, атауға кейіпкерлердің мінезін сипаттауға үйрету. **(көркем әдебиет, коммуникативті іс-әрекеті) Райымбек,** Аяна. | **«Кім не істейді?»** Мақсаты: Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байытуды жалғастыру. **(сөйлеуді дамыту, коммуникативтік іс–әрекет).** Зарина. |
| **Серуенге дайындық** | Балалардың өзіндік қозғалыс белсенділігі үшін жағдай жасау. Ретімен киіну **( ауа-райына байланысты),**дұрыс киіне білулерін бақылау **( сөйлеуді дамыту,өзін-өзі тыңдай білу дағдылары, үлкен және ұсақ моториканы дамыту)** | | | | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Қазір жылдың қай мезгілі?<br>Күз мезгілінің неше айы бар? | «Тату болып ойнаңдар» (балаларды достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу) | «Серуен кезінде» (тазалық туралы әңгіме) | «Сондай бала болама?» (өлең оқып беру) | «Киімдерін ұқыпты жинау» (серуенге шығар кезінде шағын әңгіме) |
| **Серуен** | **Ойын алаңдарын тазалау ( еңбек қызметі). Еркін ойындар ойнату** | | | | |
| | Серуен №3 | Серуен №4 | Серуен №5 | Серуен №6 | Серуен №7 |
| **Балалардың үйге қайтуы** | Балалардың жетістіктері туралы айту, бала тәрбиесі мен дамуы туралы ата-аналардың сұрақтарына жауап , кеңес түрлерін беру. | | | | |

Келісілді 19.09.22

**Тәрбиелеу -білім беру процесінің циклограммасы**

**Білім беру ұйымы** : №1 «Еркетай» Алға бөбекжай- балабақшасы
**Топ**: «Балауса» ересек тобы
**Балалардың жасы**: 4-5 жас
**Жоспардың құрылу кезеңі:** 19.09-23.09.2022 оқу жылы
**Топ тәрбиешілері:** Жұмағалиева Г.Т Бирмагамбетова А.К

| Күн тәртібінің үлгісі | **Дүйсенбі 19.09.2022** | **Сейсенбі 20.09.2022** | **Сәрсенбі 21.09.2022** | **Бейсенбі 22.09.2022** | **Жұма 23.09.2022** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | *Балаларды қабылдау: таңертеңгі сүзгі, балаларды жақсы ,көтеріңкі көңіл –күймен қарсы алу.Балалар үшін қолайлы жағдай жасау,баламен бүгінгі көңіл-күйі туралы,оны не қызықтыратыны туралы әңгіме жүргізу, жеке пікір білдіруге баулу. Ойын орталықтарындағы балалардың тәуелсіз ойындары* ***( сөйлеуді дамыту-коммуникативті іс –әрекет)*** | | | | |
| | **Дидактикалық ойын: «Заттарды салыстыр»** **Мақсаты:** әртүрлі түстен, өлшемнен тұратын заттардың жиыны туралы түсініктерді қалыптастыру; **(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)** **Боямақтарды бояу** **Мақсаты:** Бояулармен, | **«Кім епті» Құрылыс материалдары мен ойын** **Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын** | **«Гараж» Құрылыс материалдарымен ойын** **Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, ағаш кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын** | **Дидактикалық ойын:«Отбасы мүшелері»** **Мақсаты**:Баланың өзі және өзінің жағдайы туралы түсініктерін кеңейту. Өзін-өзі тануға ұмтылысын қолдау. Баланың туыстық қатынастарды түсінуіне ықпал ету; **Ойын шарты**: суреттер бойынша әнгіме жүргізу. | **Дидактикалық ойын: «Көлеңкесін тап»** **Мақсаты:** Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш ,үшбұрыш)танып,ата білуге үйрету; (**математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қарындаштармен, борлармен дәстүрлі және дәстүрден тыс тәсілдермен сурет салудың техникасын жетілдіру. **(Сурет салу,шығ.дағдыларын дамыту)** | **дамыту)** | **дамыту)** | Отбасындағы ата мен әже, ата - баба болып келеді, әкең мен шешең, ата - ана. Ал әпке, аға, ата - ана, балалар отбасының мүшелері болады. **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)** | |
| **Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру** | Ата-аналармен балалардың денсаулығы, күнделікті үй-жайындағы күн тәртібін сақтау, тәрбие, баланың дамуы және оның жетістіктері туралы әңгімелесу, жыл мезгілдеріне арналған киім түрлері туралы кеңестер | | | | |
| | **Ата- аналармен әңгіме** Балаларды қабылдау үстінде ата-аналармен баланың мінезіндегі өзгерістер туралы әңгімелесу. | Ата- аналардың балаларды балабақшаға кешікпей әкелуін қадағалау | «Тазалық - денсаулық кепілі» мәдени-гигиеналық сақтау дағдыларын қалыптастыру туралы ата-аналармен жеке әңгімелер жүргізу | Отбасылық тәрбие туралы жеке кеңестер беру (ауыз екі, жазбаша түрде) | **Ата- аналармен әңгіме:** Ата -аналармен қарым -қатынас мәдениетін орнату.Күн тәртібін сақтауды ескерту |
| **Балалардың дербес әрекеті ( баяу қимылды ойындар,үстел -үсті ойындары,бе** | **«Сәулетшілер» Мақсаты**:Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен | **«Дидактикалық ойын: «Жалпы атауын ата» Мақсаты:**Балаларды заттық әлеммен | **Дидактикалық ойын:«Қандай пішін» Мақсаты:**Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш)таны | **Дидактикалық ойын: «Көкөніс пен жемісті ажырат?» Мақсаты:**Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс | **«Боямақтарды бояу» Мақсаты**: Түстерді ажырата білуге үйрету; Бейнелеу дағдыларын қалыптастыру; |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **йнелеу әрекеті,кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)** | орналастыруды үйретуді жалғастыру; **(құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)** **«Сөздерді қайтала»** **Мақсаты:** Фонематикалық қабылдау дағдыларын қалыптастыру. Сөзді дыбыстау мәдениетін тәрбиелеуге арналған дидактикалық ойындарды қолдануға дағдыландыру. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларын дамыту)** | таныстыру және онымен әрекет жасау дағдыларын қалыптастыру **(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік дағдыларын дамыту)** **«Сәбіз»** **Мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді,ыдыстар ойыншықтар,жануарларды бейнелеу дағдыларын қалыптастыру; (**сурет салу,шығ.дағдыларын дамыту)** | п,ата білуге үйрету. **(математика негіздері,танымдық дағдыларын дамыту)** **«Мамандық иелерінің құралдарын тап»** **Мақсаты**:Балалардың сөздік қорын адамдардың мамандықтарының атауларымен байыту,құралдарын атауға үйрету; **(сөйлеуді дамыту,комуникативті дағдыларын дамыту)** | айту дағдыларын бекіту, үнді және ызың дыбыстарды анық айтуды үйрету. Жемістер мен көкөністер туралы мағлұмат беру. **(сөйлеуді дамыту,коммуникативті дағдыларды дамыту)** «Алмұрт» **Мақсаты:** Көкөністер мен жемістерді, бейнелеу дағдыларын қалыптастыру;Саусақ бұлшықеттерін дамыту,әсемдікке баулу **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)** | Бояулармен, қарындаштармен, сурет салудың техникасын жетілдіру. **(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)** **Құрылыс материалдарымен ойын** **Мақсаты:** Орналастыру тәсілдерін қолдана отырып, кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруды қалыптастыру; **(Құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)** |
| **Таңертенге жаттығу** | Таңертеңгілік жаттығулар **(қозғалыс белсенділігі, ойын әрекеті,физикалық дағдыларын дамыту)**Тұру,жүру,жүгіру түрлері,жалпы дамыту және тыныс алу жаттығулары. | | | | |

<table>
<tr><td></td><td colspan="5">Қыркүйек айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені<br>1. Тәрбиешінің соңынан бытырап жүру, қарсы бағытта жүгіру.Балалардың қолдарында жалаулар.<br>2. Шеңберге тұру. Жалауды еденге қою.<br>3. Б.қ. Тік тұру, аяқ арасы сәл алшақ, қолымыз артымызда.<br>“Алақандарыңды көрсетіңдер” дегенде, қолдарын екі жанға созу, б.қ. оралу, қолды алға , артқа сермеу қосылады. 5-6 рет.<br>4. Б.қ. аяқтарды айқастыра еденге отыру, жалаулар тіземізде. Оңға бұрылып, жалауды артқа тығу, б.қ. оралу.Солға қарай қайталау. 4-6 рет.<br>5. Б.қ.: Түзу тұрып, аяқты сәл алшақ қойып, жалау ұстаған қолдарын төмен түсіру. Алға еңкейіп, жалауды таяқшасымен еденді соғу, “тук, тук” деп айту, б.қ. оралу. 4-6 рет.<br>6. Жалауларды қойып, бытырап жүгіру.<br>7. Бір тізбекпен жүру.</td></tr>
<tr><td>Таңғы ас</td><td colspan="5">Таңғы ас алдында гигиеналық процедураларды орындау ( мәдени –гигиеналық дағдылар ,өзіне-өзі қызмет көрсету,<br>Еңбек дағдылары :қажетті ыдыстарды қою, салфеткаларды салу)<br>Гигиеналық процедулар ( қолды дұрыс жуу, сүлгінің орныны білу ,қолды дұрыс сүрту,сүлгіні іліп қою,көркем сөздерді қолдану мысалы:<br>Дос бол сабын суменен<br>Жуын күнде су мен сен<br>Жуынсаң сен әрдайым<br>Таза бетің, маңдайың<br>Тамақтану (өз орнына отыру, дұрыс отыру, ас ішу құралдарын дұрыс ұстау,тамақты ұқыпты ішу,тамақ ішкенде сөйлемеу, алғыс айту)</td></tr>
<tr><td rowspan="2">Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық</td><td colspan="5">Балалар мен педагог қызығушылықтары бойынша қызмет түрін таңдайды,ойын ережелерін келісіп алады.</td></tr>
<tr><td>Жаңылтпаш<br>Мақсаты:</td><td>Дидактикалық ойын: «Қандай</td><td>«Күзгі табиғат»<br>Мақсаты: Әртүрлі</td><td>«Менің үйім»<br>Мақсаты.Орналаст</td><td>Дидактикалық ойын:«Өрт</td></tr>
</table>

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Дауысты, дауыссыз дыбыстарды дұрыс айту дағдыларын бекіту<br>Торта қойдым,<br>Орта қойдым,<br>Орта қойдым<br>Жорта қойдым.<br>(**қазақ тілі,коммуникативті дағдыларын дамыту,394 бұйрық негізінде)** | **пішін»**<br>**Мақсаты:** Пішіндердің түрлерімен таныстыру.Ойлау қабілеттерін дамыту, Геометриялық пішіндерді (дөңгелек,төртбұрыш,үшбұрыш) танып,ата білуге үйрету;<br>**(математика негіздері,танымдық іс-әрекет)** | бағыттағы тура сызықтар мен олардың қиылысуын жүргізе білуді үйрету.<br>**(сурет салу,шығармашылық дағдыларын дамыту)** | ыру тәсілдерін қолдана отырып, пластиналарды тігінен және кірпіштерді, бөлшектерді көлденеңінен орналастыруға үйрету;<br>**(құрастыру,шығармашылық дағдыларын дамыту)** | **сөндіруші көлігі»**<br>**Мақсаты:** Жақын маңайдағы заттарды ажыратып,атай білу дағдыларын жетілдіру<br>**(қоршаған ортамен таныстыру,әлеуметтік іс-әрекет)** |
| **Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған, іс-әрекет** | **Музыка**<br>(маман жоспарына сай)<br>**(Шығармашылық дағдыларды дамыту)** | **Дене шынықтыру**<br>**Тақырыбы: «**<br>**Міндеттері:** Домалату, қағып алу, лақтыруды, заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалатуды үйрету. Допты бір-біріне төменнен лақтыруға және қағып алуға (1,5 | **Дене шынықтыру**<br>**Міндеттері:** Домалату, қағып алу, лақтыруды, заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалатуды үйрету. Допты бір-біріне төменнен лақтыруға және қағып алуға (1,5 м қашықтықта)үйрету;<br>**ҰІӘ өту барысы:** | **Музыка**<br>(маман жоспарына сай)<br>**(Шығармашылық дағдыларды дамыту)**<br><br>**Қазақ тілі (маман жоспарына сай)** | **Дене шынықтыру(таза ауада)**<br>**Міндеттері:** Домалату, қағып алу, лақтыруды, заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалатуды үйрету. Допты бір-біріне төменнен лақтыруға және қағып алуға үйрету;<br>**ҰІӘ өту барысы:**<br>1.Сапқа тұру |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | м,қашықтықта)ү йрету;<br>**ҰІӘ өту барысы:**<br>1.Шеңбер бойымен жүру<br>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру<br>**3.Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар**<br>**Тыныс алу жаттығуы:** шәйнектік дыбысын салу(ш-ш-ш). Терең тыныс алып, демді шығару.<br>4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары**<br>1. Домалату, қағып алу, лақтыру<br>2. заттар арасымен доптарды, құрсауларды | 1.Сапқа тұру<br>2. Шеңбер бойымен жүру<br>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру<br>**3.Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар**<br>**Тыныс алу жаттығуы:**<br>Мұрынмен терең дем алып, ауызбен дем шығару<br>4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары**<br>1. Домалату, қағып алу, лақтыру<br>2. заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату<br>3. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу(1,5 м қашықтықта)<br>**5.Қимылды ойын: « Доптар мектебі»**<br>**Мақсаты**: Доппен | | 2. Сәлемдесу<br>Шеңбер бойымен жүру;<br>Педагогтың нұсқауы бойынша жүру,жүгіру<br>**3.Негізгі бөлім: Жалпы дамыту жаттығулар**<br>**Тыныс алу жаттығуы**<br>Араның дыбысын салу. -з-з-з<br>4.**Негізгі қимыл қозғалыс жаттығулары**<br>1. Домалату, қағып алу, лақтыру<br>2. заттар арасымен доптарды, құрсауларды домалату<br>3. Допты бір-біріне төменнен лақтыру және қағып алу<br>**5.Қимылды ойын:**<br>«Ақсерек –көксерек<br>**Міндеті:**Бұл ойынды ойнау үшін балалар екі топқа бөлінеді,қолдарынан |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
